Ritmix
moving sound

RT-330

Сымды Телефон Аппараты
Пайдалану жөніндегі нұсқаулық



RT-330

Пайдаланушы нұсқаулығының мазмұны ақпаратқа арналған және алдын ала хабарламай өзгертілуі мүмкін. Осы Пайдаланушы нұсқаулығы дәл және толық ақпаратты қамтуы үшін барлық күшімізді жұмсадық. Алайда қателер және қалдырып кету анықталған жағдайда қандай да бір жауапкершілік болжамданбайды. Дайындаушы құрылым мен техникалық сипаттамаларды хабарландырусыз өзгерту құқығын өзіне қалдырады.

Құрылғыны пайдаланбас бұрын қауіпсіздік туралы маңызды ақпаратпен танысыңыз. Жарақат алмау үшін, сондай-ақ құрылғыға зақым келтірмеу үшін төмендегі сақтық шаралары мен кәдеге жарату ережелері туралы оскертулер мен нұсқауларды орындаңыз.



Құрылғыны қатаң түрде тағайындалуы бойынша қолданыңыз!

Құрылғыны қауіпсіз пайдалану

Қосылған құрылғыны дымқыл қолмен ұстауға тыйым салынады. Бұл электр тоғымен зақымдануға әкеп соқтыруы мүмкін. Найзағай кезінде құрылғыны пайдаланбаңыз. Бұл электр тоғының соғуына немесе құрылғының істен шығуына әкелуі мүмкін. Ritmix компаниясы пайдаланушылардың қауіпсіздігі үшін жауап бермейді және Ritmix компаниясы мақұлдамаған аксессуарлар мен компоненттерді пайдалану кезінде жабдыққа кепілдік қызметін көрсетпейді.

Ешқашан құрылғыны жылытқыш аспаптардың, мысалы, қысқа толқынды пештердің, тұмшапештердің және радиаторлардың ішіне немесе үстіне қоймаңыз. Қызып кетсе құрылғы зақымдалуы және пайдаланушыға зиян келтіруі мүмкін. Қолданылған құрылғыларды кәдеге жаратудың барлық жергілікті ережелерін сақтаңыз. Құрылғыны қыспаңыз, баспаңыз және тespеңіз. Құрылғыға қатты сыртқы қысым жасамаңыз, себебі бұл қысқа тұйықталуға және қызып кетуге әкелуі мүмкін. Зақымдалған құрылғыны қолдануға болмайды. Құрылғыны жылытқыштардың, микротолқынды пештердің, жылытылатын асүй жабдықтарының жанында немесе жоғары қысымды контейнерлерде сақтамаңыз. Құрылғыны шаң немесе аэрозоль көп шоғырланған жерлерде пайдаланбаңыз немесе сақтамаңыз. Шаң немесе бөгде заттар құрылғының дұрыс жұмыс істемеуіне, сондай-ақ өртке немесе электр тогының соғуына әкелуі мүмкін.

Сұйықтықтар, шаң, металл ұнтағы және қарындаш грифельдері сияқты өткізгіш материалдары бар құрылғы корпусында жалғағыштардың түйісуін болдырмаңыз. Өткізгіш материалдар жалғағыштардың қысқаша тұйықталуын немесе коррозияны тудыруы мүмкін, бұл өз кезегінде тұтануға әкелуі мүмкін. Құрылғыны тістемеңіз және жаламаңыз. Бұл құрылғыны зақымдауы мүмкін, сонымен қатар денсаулыққа зиян келтіруі мүмкін.

Ұсақ бөлшектер балалардың және жануарлардың тыныс алу жолдарына тиюі мүмкін. Мойынға оралған ұзын кабель тұншығу қаупін тудырады. Балалар құрылғыны ересектердің қарауымен ғана қолдана алады. Балалардың құрылғыны ойыншық ретінде пайдаланбайтынына көз жеткізіңіз.

Қосулы құрылғыны жүрекшаратқыштан кемінде 15 см қашықтықта ұстаңыз. Егер қандай да бір медициналық аспаптарды қолдансаңыз, құрылғы шығаратын радиожиілікті сигналдар осы аспаптарға әсер етпейтініне көз жеткізу үшін олардың өндірушісіне жүгініңіз. Ұшақтарда электрондық құрылғыларды пайдалану олардың навигациялық жүйелерінің жұмысына кедергі келтіруі мүмкін. Ұшу және қону кезінде құрылғыларды өшіруді ұмытпаңыз. Автокөліктерге жанармай құю станцияларында, жанармайы немесе химиялық реактивтері бар сыйымдықтардың жанында, сондай-ақ жарылыс жұмыстарын орындау жерлерінде құрылғыны пайдаланбаңыз. Құрылғымен, оның құрауштарымен немесе керек-жарақтармен бірге жанғыш сұйықтықтарды, газдарды немесе жарылғыш заттарды сақтамаңыз және тасымалдамаңыз. Құрылғыдан немесе аккумулятордан шығатын түтін, сұйықтық, ерекше иістер немесе дыбыстар анықталса, құрылғыны қолдануды дереу доғарыңыз және өндірушінің сервистік орталыққа жүгініңіз. Керісінше жағдайда тұтану туындауы мүмкін.

Кез келген ылғалдылық және сұйықтық құрылғы құрауыштарын немесе оның электрондық сызбасын зақымдауы мүмкін. Ылғал құрылғыны немесе жәндіктер кірген құрылғыны қоспаңыз. Егер құрылғы қосулы болса, оны сөндіріңіз. Құрылғыға ылғалдың тиюі өндіруші кепілдігінің әрекетінің аяқталуына әкеледі. Көлік жүргізу кезінде құрылғыны қоспаңыз, көлік жүргізу кезінде және Сіздің назарыңызды қажет ететін басқа әрекеттер кезінде құрылғыны алаңдатпаңыз. Бұл Сіздің назарыңызды аударып, апатқа және басқа да жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін.




Қауіпсіздік бойынша ескертулер мен нұсқаулықтарды сақтамау жарақаттарға немесе жабдықтың зақымдалуына әкелуі мүмкін

СЫМДЫ ТЕЛЕФОН АППАРАТЫ

Сымды телефон аппаратын сатып алғаныңыз үшін рахмет. Қолданар алдында осы пайдаланушы нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз.

СИПАТТАМАЛАРЫ



1. Тон/Импульс айырақосқышы
2. DTMF нөмірін теру жүйесі
3. Дауыс қаттылығын таңдау
4. Соңғы терілген нөмірді қайталау
5. Арылту
6. Қоңырауды ұстап тұру
7. Бір батырмалы теру нөмірлерін сақтау және қоңырау шалу

RT-330

ОРНАТУ

1. Спиральды телефон баусымының модульдік істікшесін телефон тұтқасындағы ағытпаға және телефон базасының төменгі жағындағы ағытпаға салыңыз.
2. Желілік баусымның модульдік істікшесін телефон базасының жоғарғы жағындағы модульдік розеткаға салыңыз.
3. Төменгі қабырға орнату батырмасы: тұтқа қабырғаға орнатылатындай етіп төменнен жоғары қарай бұраңыз.

ТЕЛЕФОН ЖҰМЫСЫ

1. Нөмірді теру.

Тұтқаны алыңыз, зуммерді күтіңіз, содан кейін қажетті нөмірді теріңіз.

2. Үзіліс және Қайталау

Сыртқы желіге шығу үшін "0" немесе "8" немесе "9" батырмасын басыңыз, қоңырау шалуды үзіліске қою үшін "Қайталау" батырмасын басыңыз, мысалы, қалааралық желі, содан кейін қалаған нөмірді енгізіңіз.

Егер қоңырау шалынған нөмір бос болмаса, терілген нөмірге қайта қоңырау шалғыңыз келсе, "Арылту" батырмасын және "Қайталау" батырмасын басыңыз.

3. Арылту.

Бұл батырма зуммерді шақыру немесе Сіздің жергілікті телефон желісіңіз арқылы қол жетімді қосымша қызмет түрлерін іске қосу үшін қолданылады.

4. Қоңырау айырақосқышы В / Н.

Қажетті дауыс қаттылығын таңдау үшін батырманы ауыстырыңыз.

5. Айырақосқыш Т / И.
Әлемдегі әртүрлі АТС-қа сәйкес дұрыс режимді таңдаңыз.

6. Қоңырауды ұстап тұру
Телефонмен сөйлескен кезде "Ұстап тұру" батырмасын басу микрофонды өшіреді және сұхбаттасушы үшін әуен ойнатылады. Бұл режимді алып тастау және сұхбаттасушымен сөйлесуге оралу үшін "Ұстап тұру" батырмасын қайта басыңыз.

7. Жадтан бір батырмалы нөмір теру. Нөмірді жадқа енгізу.
Аппаратта бір батырмалы нөмірлерді есте сақтауға арналған 3 батырма бар: М1, М2, М3. Нөмірді жадта сақтау үшін телефонды алыңыз, "Жад" батырмасын басып, нөмірді енгізіп, нөмірді сақтағыңыз келетін М1 немесе М2 немесе М3 батырмасын басыңыз.
Жадтан нөмірге қоңырау шалу үшін тұтқаны алыңыз, М1 немесе М2 немесе М3 батырмасын басыңыз, аппарат жадта сақталған нөмірді береді.

ЕСКЕРТУЛЕР
Телефон желісі мен электр желісіндегі кедергілердің негізгі себептері (бұл аппараттың дұрыс жұмыс істемеуіне немесе зақымдалуына әкелуі мүмкін):
1. Жоғары вольтты желілермен кездейсоқ байланыс (қысқа тұйықталу)
2. Жақын орналасқан басқа кабельдермен электрмагниттік байланыс.
3. Кернеудің, әсіресе электр желісінің кездейсоқ айырмашылығы (электржетектері және т. б.)
4. Ауа-райына байланысты уақытша кедергілер (найзағай)

5. Телефон желілерін қорғау тек сыртқы желілерде ғана емес, ғимараттан тыс параллель телефон желілерінде немесе электр желісінен қуат алатын құрылғыларға қосылған желілерде (мысалы, факсимильді аппараттар, модемдер, автожауапқатқыштар, сымсыз телефондар және т. б.) орнатылуы тиіс.
6. Қуат желілерінің қорғанысы аппараттың қуат желілерінің кіреберісіне қосылған болуы тиіс. Құрылғылардың дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қорғаныстық жерге қосу қысқышын жұмыстық жерге қосу жүйесіне қосу керек.

Өндіруші: PEAK SOUND INTERNATIONAL CO., LIMITED, address: Unit 04 7/F Bright Way Tower, No.33 Mong Kok Road, KL, Hong Kong; ПИК САУНД ИНТЕРНЕШНЛ КО,. ЛИМИТЕД, адрес Юнит 04 7/Ф Брайт Вей Тауер, Но.33 Монг Кок Роуд, КЛ, Гонконг.
Өндірушінің мекенжайы: Китай, No.10, Shunjing Road, Pingxi Village, Pingdi Town, Longgang district, Shenzhen city/ № 10, ШинингРоад, Пингси Вилладж, Пингди Таун, Лонгганг дистрикт, Шеньчжень сити, Қытай
Дайындалған елі: Қытай
Импорттаушы: «Велес» ЖШҚ, 119049, Мәскеу қ., 1-ші Добрынинский тұйық көшесі, 19-үй, 6-құрылым, 1-қабат, 7-үй-жай, 1К. КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электрмагниттік үйлесімдігі» талаптарына сай келеді.
ЕЭО сәйкестігі туралы декларация N RU Д-НК.АЖ22.В.04241/18, 26.09.2023 қоса алғанда жарамды.
Сәйкестік туралы декларация "ЭНИГМА" жауапкершілігі шектеулі қоғамының Сынақ зертханасына (РОСС RU.31112.ИЛ.00023 аккредиттеу аттестаты) берілген 26.09.2018 жылғы №00369-ИЛЭ/09-2018 сынақтар хаттамасының негізінде қабылданды. ЕЭО ТР 037/2016 «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» талаптарына сәйкес келеді;
ЕЭО сәйкестігі туралы декларация N RU Д-НК.Н В11 .В.09341 /20. Қолданылу мерзімі 17.03.2025 қоса алғанда.
Уәкілетті ұйым: «Велес» ЖШҚ, 119049, Мәскеу қ., 1-ші Добрынинский тұйық көшесі, 19-үй, 6-құрылым, 1-қабат, 7-үй-жай, 1К. Өнімнің сыртқы түрі қаптамада көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.
ТІКЕЛЕЙ ТАҒАЙЫНДАЛУЫ БОЙЫНША ҒАНА ПАЙДАЛАНЫҢЫЗ
Дайындалған күні тауардың сериялық нөмірінде көрсетілген (10-нан бастап 15-ке дейінгі позициялар) ЖЖЖЖАА форматында, мұндағы ЖЖЖЖ дайындалған жылды, АА дайындалған айды білдіреді. Кепілдік мерзімі: 12 ай Қызмет ету мерзімі: 24 ай. Жарамдылық мерзімі: шектелмеген

